

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**5–11-СЫНЫПТАРДА «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ»
ОҚУ ПӘНІН ОҚУДА ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 26 желтоқсандағы №6 хаттама).

5–11-сыныптарда «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқуда және оқытуда жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. –32 б.

Әдістемелік ұсынымдарда 5–11-сыныптарда «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқыту барысында жасанды интеллект технологияларын қолданудың педагогикалық және дидактикалық негіздері сипатталады. Ұсынымдар пән мұғаліміне ЖИ мүмкіндіктері арқылы оқу процесін ұйымдастыру, оқу мазмұнын құрылымдау, тарихи ақпаратты іріктеу және оны білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес ұсыну бойынша жүйелі әдістемелік бағдар береді. Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025
© НАО им. БІ.Алтынсарина, 2025

КІРІСПЕ

Қазіргі жаһандық цифрландыру жағдайында жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары әлеуметтік, экономикалық және мәдени үдерістермен қатар білім беру жүйесінің дамуына да елеулі ықпал етуде. Ақпарат көлемінің қарқынды өсуі, цифрлық контенттің алуан түрлілігі және білім алушылардың танымдық мінез-құлқының өзгеруі оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарауды талап етеді.

Тарихи білім беру тек ақпаратты меңгертумен шектелмей, білім алушылардың тарихи ойлауын, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуін, дереккөздермен саналы жұмыс істеуін және ұлттық тарихи сананы қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық құралдар жасанды интеллект құралдары тарихи мәтіндермен жұмыс істеу, визуалды деректерді қолдану, әртүрлі көзқарастарды салыстыру және күрделі тарихи процестерді түсіндіру барысында мұғалімнің кәсіби қызметін қолдайтын көмекші құрал ретінде қарастырылады. Алайда жасанды интеллектіні оқу процесіне енгізу педагогикалық мақсатқа сәйкестік, мазмұнның ғылыми негізділігі және білім алушы тұлғасының дамуына бағдарлану қағидаттарын сақтауды талап етеді.

Қазақстан Республикасында жасанды интеллектіні қолданудың құқықтық негіздері 2025 жылғы 17 қарашада қабылданған «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалды [1]. Аталған заңда жасанды интеллект жүйелері ақпараттандыру нысаны ретінде анықталып, олар адамның белгілі бір міндеттерді орындауына арналған құрал ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл жасанды интеллектіні дербес шешім қабылдаушы субъект емес, адам қызметін қолдайтын технологиялық құрал ретінде пайдалануды көздейді. Заң аясында жауапкершілік пен бақылау қағидаттары бекітіліп, жасанды интеллект жүйелерін қолдану барысында туындайтын тәуекелдерді басқару, қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз ету меншік иелері мен пайдаланушылардың өз рөліне сәйкес міндеті ретінде белгіленген.

Сонымен қатар елімізде жасанды интеллектіні қолдану цифрландыру, дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік және білім беру саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттармен кешенді түрде реттеледі. Бұл құжаттарда заңдылық, әділеттілік, теңдік, ашықтық пен түсініктілік, адам игілігіне басымдық беру, деректердің қорғалуы және қауіпсіздік қағидаттары негізгі талаптар ретінде айқындалған. Аталған нормалар білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың құқықтық және этикалық шекарасын белгілеп, педагогтің кәсіби шешім қабылдау еркіндігін сақтауға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар 5–11-сыныптарда «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың педагогикалық, әдіснамалық және ұйымдастырушылық негіздерін жүйелеуге арналған. Ұсынымдарда жасанды интеллект құралдарын оқу мақсаттарына сәйкес пайдалану, тарихи мазмұнды іріктеу мен құрылымдау, сондай-ақ оны білім алушылардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып

ұсыну мәселелеріне басымдық беріледі. Бұл ретте жасанды интеллект мұғалімнің орнын алмастыратын құрал ретінде емес, оқу процесін жобалау мен жүзеге асыруда әдістемелік қолдау көрсететін көмекші ресурс ретінде қарастырылады.

Әдістемелік ұсынымдарда жасанды интеллектіні қолданудың шектері мен жауапкершілік аймақтары нақты айқындалып, тарихи білім беруде дереккөздердің сенімділігі, ақпараттың ғылыми негізділігі және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар білім алушылардың цифрлық ортада тарихи ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау дағдыларын қалыптастыру, манипуляциялық және дәйексіз контенттен қорғану мәселелері де әдістемелік тұрғыдан ескеріледі.

Ұсынымдар педагогтерге «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда жасанды интеллект құралдарын саналы, мақсатқа сай және қауіпсіз қолдануға арналған әдістемелік бағдар ұсыну, сондай-ақ тарихи білім беру сапасын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерді жүйелеу. Ұсынымдар педагогтердің кәсіби қызметінде қолдануға арналған практикалық сипатқа ие болып, оқу процесін ұйымдастыруда нормативтік талаптарды сақтауға бағытталады.

1 «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ОҚУ ПӘНІН ОҚУДА ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану мәселесі тек технологиялық мүмкіндіктер тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар оның құқықтық, әдіснамалық және этикалық негіздерін ескере отырып қарастыруды талап етеді. Қазақстан Республикасында жасанды интеллектіні қолданудың жалпы құқықтық шеңбері 2025 жылғы 17 қарашада қабылданған «Жасанды интеллект туралы» Заңмен айқындалған (Жасанды интеллект туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230)

Аталған заң жасанды интеллектіні адамның когнитивті қызметтерін модельдей алатын және белгілі бір міндеттерді орындауда адам қызметін қолдайтын функционалдық құрал ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру саласында, оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда жасанды интеллект мұғалімнің кәсіби қызметін алмастыратын тетік емес, оқу процесін ұйымдастыру мен тарихи мазмұнды ұсынуды жетілдіруге арналған көмекші құрал ретінде қолданылады. Бұл қағида жасанды интеллектіні тарихи білім берудің мазмұны мен мақсаттарына бағындыра отырып пайдалануды көздейді. [3-бап. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230>](қаралған күні 11.12.25 ж.)

Заңда жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты ретінде оның дамуын қамтамасыз ету және адам өмірінің сапасын арттыруға бағытталған салаларға енгізуді ынталандыру белгіленген. Білім беру контекстінде бұл мақсат оқу процесінің тиімділігін арттыру, тарихи ақпаратпен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін енгізу және педагогтің әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейту арқылы іске асырылады. Сонымен қатар жасанды интеллект саласындағы зерттеулер мен инновацияларды қолдау білім беру мазмұнына заманауи ғылыми-технологиялық жетістіктерді енгізуге жағдай жасайды.

Жасанды интеллектіні қолданудағы маңызды талаптардың бірі ашықтық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында бұл талап тарихи ақпараттың шығу тегі мен мазмұнының түсініктілігін сақтау, қолданылатын цифрлық құралдардың жұмыс логикасын мұғалімнің кәсіби бақылауында ұстау және білім алушыларды жаңсақ немесе манипуляциялық мазмұннан қорғау арқылы жүзеге асырылады. Мұғалім жасанды интеллект негізінде ұсынылған материалдарды сыни тұрғыдан саралап, оларды оқу мақсаттарына сәйкестігі тұрғысынан іріктеуі тиіс.

Заңда бекітілген мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін айқындайды. Атап айтқанда, заңдылық, әділдік пен теңдік қағидаттары жасанды интеллект құралдарын қолдануда барлық білім алушылар үшін тең педагогикалық жағдайды сақтауды талап етеді. Ашықтық пен түсініктілік қағидаты тарихи мазмұнды ұсынуда қолданылатын цифрлық құралдардың қызметі мұғалім мен білім алушы үшін түсінікті болуын көздейді.

Жауаптылық пен бақылауда ұстау қағидаты жасанды интеллектіні пайдалану барысында қабылданатын педагогикалық шешімдерге мұғалімнің кәсіби жауапкершілігін күшейтеді. Бұл ретте тарихи интерпретация, дереккөздерді іріктеу және қорытынды жасау құқығы толықтай педагогтің құзыретінде сақталады. Адамның шешім қабылдаудағы еркіндігі басымдық беру қағидаты білім алушының жеке пікір қалыптастыруына, тарихи оқиғаларды саналы түрде түсінуіне және сыни ойлауын дамытуға жағдай жасауды талап етеді.

Деректерді қорғау және құпиялылық қағидаттары «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану барысында білім алушылардың жеке деректерін қорғау, цифрлық ортада қауіпсіз жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру қажеттігін айқындайды. Сонымен қатар қауіпсіздік пен қорғалу қағидаты жасанды интеллект құралдарын пайдалану кезінде құқықтық талаптарды сақтау және оқу процесін тәуекелдерден қорғауға бағытталған. [4-бап. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230>](қаралған күні 11.12.25 ж.)

Осылайша, «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың ерекшеліктері қолданыстағы заңнамада бекітілген қағидаттарға сүйене отырып айқындалады. Жасанды интеллект тарихи білім беруде мазмұнды кеңейту немесе педагогикалық процесті автоматтандырудың мақсаты ретінде емес, мұғалімнің кәсіби қызметін әдістемелік тұрғыдан қолдайтын, оқу процесін сапалы ұйымдастыруға бағытталған құрал ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллектіні қолданудың құқықтық негіздерін айқындай отырып, мемлекет оның одан әрі жүйелі дамуын стратегиялық жоспарлау қажеттілігін алға қойды. Осыған байланысты «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген қағидаттар мен талаптар 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасында нақты салалық бағыттар мен іске асыру тетіктері арқылы жалғасын тапты. Тұжырымдама жасанды интеллектіні қоғам мен адам игілігіне бағытталған технология ретінде дамытуға, оны әртүрлі салаларға, соның ішінде білім беру жүйесіне кезең-кезеңімен және жауапты түрде енгізуге арналған стратегиялық негізді қалыптастырады.

Қазақстан Республикасында жасанды интеллектіні дамыту және оны әртүрлі салаларға, соның ішінде білім беру жүйесіне енгізу 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылады [2]. Аталған стратегиялық құжатта жасанды интеллект экожүйесін қалыптастырудың басым бағыттары ретінде деректер инфрақұрылымын дамыту, адами капиталды нығайту, ғылыми зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ құқықтық реттеуді жетілдіру айқындалған. Тұжырымдама жасанды интеллектіні қоғамдық игілікке бағытталған, адамға бағдарланған және қауіпсіз технология ретінде дамытуға негізделіп, оны білім беру саласында оқу процесінің сапасын арттыруға қызмет ететін көмекші құрал ретінде пайдаланудың жалпы стратегиялық негізін белгілейді. [<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592>] (қаралған күні 21.12.25 ж.)

Оқыту процесінде жасанды интеллектіні қолдану педагогикалық қызметтің мазмұны мен ұйымдастырылу логикасын қайта қарауды талап етеді. Жасанды интеллект білім беру жүйесінде дербес шешім қабылдайтын субъект ретінде емес, мұғалімнің кәсіби қызметін қолдайтын және оқу процесін ұйымдастыруды оңтайландыратын технологиялық құрал ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес, оны қолдану оқу мақсаттарына, пәннің мазмұндық ерекшеліктеріне және білім алушылардың жас және танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы тиіс.

Жасанды интеллектіні оқытуда қолданудың негізгі ерекшеліктерінің бірі оқу мазмұнын ұсыну мен құрылымдауда икемділікті қамтамасыз ету мүмкіндігі. Бұл мұғалімге бір тарихи мазмұнды әртүрлі форматта (мәтіндік, визуалды, схемалық) әзірлеуге, түсіндіру тереңдігін өзгертуге және оқу материалын білім алушылардың қабылдау деңгейіне сәйкес бейімдеп ұсынуға жағдай жасайды. Алайда оқу мазмұнын іріктеу, интерпретациялау және ғылыми негізділігін қамтамасыз ету толықтай педагогтің жауапкершілігінде қалады.

Оқытуда ЖИ қолданудың тағы бір ерекшелігі тарихи ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін күшейту қажеттілігі. Жасанды интеллект негізінде ұсынылатын материалдар мұғалім тарапынан сыни сараптаудан өтіп, дереккөздердің сенімділігі, мазмұнның объективтілігі және ғылыми дәлдігі тұрғысынан тексерілуі тиіс. Бұл тарихи білім беруде манипуляциялық, үстірт немесе қате интерпретациялардың алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар жасанды интеллектіні қолдану оқыту процесінде педагогтің жетекші рөлін сақтауды көздейді. Мұғалім оқу процесін жобалаушы, мазмұнды реттеуші және білім алушылардың танымдық әрекетін бағыттаушы тұлға ретінде негізгі орынды иеленеді. Жасанды интеллект бұл процесте оқу материалын әзірлеуге, құрылымдауға немесе қосымша түсіндірмелер ұсынуға арналған көмекші құрал қызметін атқарады.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің оқу бағдарламасындағы тарихи концептілер контекстінде оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың ерекшеліктері.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны тарихи білімді тек фактологиялық деңгейде меңгертуді емес, тарихи ойлауды қалыптастыруды көздейді. Осы мақсатта оқу бағдарламасында негізгі тарихи концептілер (өзгеріс пен сабақтастық, себеп пен салдар, дәлел, ұқсастық пен айырмашылық, маңыздылық, интерпретация) жүйекұраушы ұғымдар ретінде айқындалған. Жасанды интеллектіні оқытуда қолдану осы концептілерді меңгертудің логикасына бағындырылып, пәндік мақсаттарды жүзеге асыруға қызмет етуі тиіс.

Жасанды интеллект құралдары «өзгеріс пен сабақтастық» концептісін ашуда тарихи үдерістерді уақыт бойымен салыстырып көрсетуге, бір кезең ішіндегі және әртүрлі кезеңдер арасындағы даму желісін құрылымдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте жасанды интеллект ұсынатын хронологиялық немесе салыстырмалы материалдар мұғалімнің әдістемелік жетекшілігімен пайдаланылып, тарихи үдерістердің мәнін түсіндіруге бағытталады.

«Себеп пен салдар» концептісін меңгертуде жасанды интеллект тарихи оқиғалар арасындағы ықтимал байланыстарды жүйелеуге, факторларды топтастыруға және күрделі көпсалалы үдерістерді модельдеуге қолданылуы мүмкін. Алайда себеп-салдарлық талдау жүргізу, негізгі және жанама себептерді айқындау, тарихи қорытынды жасау мұғалім мен білім алушының аналитикалық әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

«Дәлел» концептісі аясында жасанды интеллект әртүрлі тарихи дереккөздерді іріктеуге, мәтіндер мен визуалды материалдарды жинақтауға көмектесетін құрал ретінде қолданылады. Бұл жағдайда дереккөздердің сенімділігін бағалау, оларды салыстыру және тарихи тұжырымды негіздеу міндеті толықтай педагогтің кәсіби бақылауында қалады. Жасанды интеллект дереккөздің орнына емес, дерекпен жұмыс істеуді ұйымдастыру құралы ретінде қарастырылады.

«Ұқсастық пен айырмашылық» концептісін оқытуда жасанды интеллект әртүрлі тарихи құбылыстарды, мемлекеттерді немесе дәуірлерді салыстыруға арналған құрылымдық үлгілерді ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың салыстырмалы талдау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды, алайда салыстыру өлшемдерін таңдау мен қорытындылау педагогикалық мақсатқа сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

«Маңыздылық» концептісі тұрғысынан жасанды интеллект тарихи оқиғалардың немесе тұлғалардың әртүрлі қырларын көрсетуге көмектескенімен, олардың ұлттық тарих контексіндегі орны мен маңызын айқындау мұғалімнің ғылыми-әдістемелік ұстанымына негізделеді. Бұл ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда жасанды интеллектіні қолданудың шектеулерін де айқын көрсетеді.

«Интерпретация» концептісін меңгертуде жасанды интеллект әртүрлі көзқарастарды ұсыну құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл білім алушыларды тарихи интерпретациялардың көптүрлілігімен таныстыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, тарихи интерпретацияның ғылыми негізділігі мен оқу бағдарламасына сәйкестігін қамтамасыз ету педагогтің жетекші рөлі арқылы іске асырылады.

Сонымен оқу бағдарламасындағы тарихи концептілерді меңгертуде жасанды интеллектіні қолданудың ерекшелігі оның пәндік мазмұнға бағыныстылығымен, мұғалімнің кәсіби бақылауында болуымен және тарихи ойлауды дамытуға қызмет етуімен сипатталады. Жасанды интеллект тарихи концептілерді алмастыратын құрал емес, оларды саналы түрде меңгертуге жағдай жасайтын әдістемелік ресурс ретінде қарастырылады.

2. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ОҚУ ПӘНІН ОҚУДА ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР.

Жасанды интеллектіні оқу процесіне енгізу біртіндеп және мақсатқа сай жүзеге асырылуы тиіс. Мұғалімнің кәсіби қызметін қолдауға бағытталған ЖИ құралдарын қолдану тәжірибесі шағын, басқарылатын қадамдардан басталып, олардың педагогикалық тиімділігі мен пәндік сәйкестігіне қарай кеңейтіледі.

Жасанды интеллектіні енгізу бойынша ұсыныстар

– Қарапайымнан бастау: бір-екі қарапайым сервисті тандап, оларды сабаққа дайындалу кезінде қолдану;

– саралап қолдану: алынған материалдарды білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес өңдеп, бейімдеу;

– Қауіпсіздікті сақтау: білім алушылардың құпия деректерін ашық сервистерге жүктемеу;

– Тәжірибе алмасу: мектептің әдістемелік бірлестіктерінде тиімді қолданылған платформаларды талқылау ұсынылады.

ЖИ – бұл уақытты үнемдейтін және оқыту мүмкіндіктерін кеңейтетін құрал. Басты құндылық – педагогтің педагогикалық шеберлігі болып табылады.

Педагогикалық қызмет тиімділігін арттыру мақсатында жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша ұсынымдар

Сабаққа дайындық пен оны өткізу барысын оңтайландыру, сондай-ақ педагогтердің күнделікті қайталанатын жұмыстарын жеңілдету мақсатында жасанды интеллект технологияларын келесі бағыттарда қолдану ұсынылады:

1. Сабақты жоспарлау және дайындау:

– Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сай сабақ мақсаттарын құрастыру үшін ЖИ технологияларын пайдалану;

– сабақ мақсаттарына сәйкес келетін бағалау критерийлерін (дескрипторларды) әзірлеу;

– сараланған оқытуды қамтамасыз ету үшін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және әртүрлі күрделілік деңгейлеріне сай тапсырмаларын іріктеу;

– негізгі ұғымдарға қатысты тірек-конспектілерді, көрнекі материалдарды, сызбаларды, анықтамалар мен түсіндірмелерді әзірлеу.

2. Сабақтың ұйымдастыру кезеңі:

– білімді өзектендіру және проблемалық сұрақ элементтерін қамтитын сабақтың кіріспе бөлімін жоспарлау;

– білім алушылардың танымдық қызығушылығын ынталандыратын көрнекі және мәтіндік материалдарды таңдау үшін ЖИ қолдану.

3. Жаңа материалды түсіндіру және меңгеру:

– талдау, салыстыру, жалпылау және білімді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар әзірлеу;

– сабақ тақырыбы мен білім алушылар деңгейіне бейімделген мысалдарды құрастыру үшін ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану.

4. Функционалдық және оқу сауаттылығын қалыптастыру:

- түсініп оқу және интерпретациялау, әртүрлі форматтағы ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу;
- сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін жағдайларды модельдеу үшін ЖИ қолдану.

5. Оқу жетістіктерін бақылау және бағалау:

- түрлі форматтағы (көп нұсқалы жауаптар, ашық сұрақтар, сәйкестендіру) тесттік және бақылау тапсырмаларын түрлендіру;
- білім алушылардың ағымдағы ілгерілеуін қадағалауға бағытталған формативті бағалау тапсырмаларын дайындау;
- автоматтандырылған құралдарды қорытынды тапсырмаларды әзірлеу және өзін-өзі бағалау үшін пайдалану.

<https://archeo.kz/kk/library/monografii/petroglify-tamgal/read/> (қаралған күні 28.10.25 ж.)

Оқу процесінде жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізу үшін мұғалімдерге қолжетімді, әмбебап және көпфункциялы цифрлық сервистерді пайдалану ұсынылады. Төменде сабаққа дайындалу, оқу материалдарын әзірлеу және шығармашылық тапсырмаларды жобалау барысында қолдануға болатын кең таралған жасанды интеллект құралдары ұсынылады.

ChatGPT – әмбебап чат-бот, ол мектептік шығарма мен ғылыми мақалалардан бастап, түрлі тақырыптағы мәтіндерді генерациялауға қабілетті. <https://chatgpt.com/>

Gemini – сұрақ-жауап қызметін атқаратын әмбебап чат-бот. Негізгі мүмкіндіктері Storybook, Gem-bot, презентация (canvas) жасау, сурет генерациялау (Nano banana), видео генерациялау (VEO 3) және т.б. <https://gemini.google.com>

Grok – Илон Масктың xAI платформасынан шыққан, X әлеуметтік желісіне (бұрынғы Twitter) біріктірілген жасанды интеллектпен жұмыс істейтін чат-бот. Сурет генерациялау, суретті анимациялау, видео генерациялау мүмкіндіктері бар <https://grok.com/>

Canva AI – кәсіби дағдыларды талап етпейтін, презентациялар, инфографика және бейнематериалдар сияқты түрлі визуалды контентті жылдам әрі оңай жасауға арналған әмбебап онлайн платформа. Бұл құрал мұғалімдер мен білім алушыларға мыңдаған дайын үлгілер арқылы интерактивті сабақтар, көрнекі оқу парақтарын және шығармашылық жобаларды жасауға мүмкіндік береді. https://www.canva.com/ru_ru/

NotebookLM – Google-дың құжаттармен жұмыс істеуге арналған жекелендірілген жасанды интеллект көмекшісі. Аудиобаяндау, бейнепрезентация, ақыл картасы, карточкалар, тест, инфографика, презентация жасау мүмкіндіктері бар <https://notebooklm.google.com/>

Wayground (бұрынғы Quizizz) – интерактивті викториналар, интерактивті сабақтар мен бейнетапсырмаларды жылдам әзірлеу үшін жасанды интеллектті қолданатын геймификацияланған платформа <https://wayground.com/?lng=en;>

ElevenLabs – бейнелерді автоматты түрде дубляждауға, аудиокітаптар жасауға және оқу материалдарын дауыстауға арналған қуатты құрал, <https://elevenlabs.io/>

Suno – музыкалық сүйемелдеу генерациялайтын нейрожелі, бейнероликтер мен презентациялар үшін бірегей фондық әуендер жасауға мүмкіндік береді. <https://suno.com/>

Character ai – жасанды интеллект алгоритмдерін қолдана отырып, нақты тарихи тұлғалармен, ойдан шығарылған кейіпкерлермен немесе сарапшылармен шынайы мәтіндік диалог құруға мүмкіндік беретін платформа. Бұл құрал білім алушыларға тарихи тұлғалар атынан сөйлесу арқылы оқиғаларды тереңірек түсінуге, шет тілдерін тәжірибе жүзінде қолдануға және симуляциялық ортада қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі, <https://character.ai/>

Kwiz AI – жасанды интеллект көмегімен кез келген тақырып немесе жүктелген материал негізінде санаулы секундтар ішінде автоматты түрде интерактивті тесттер мен викториналар құрастыратын онлайн құрал. Бұл платформа мұғалімдерге бағалау тапсырмаларын дайындау уақытын үнемдеуге және білім алушылардың білімін ойын элементтері бар қызықты жарыс түрінде жылдам тексеруге мүмкіндік береді, <https://kwizai.com/>

Teach Share – жасанды интеллект көмегімен сабақ жоспарларын, жұмыс парақтарын және түрлі оқу ресурстарын педагогикалық стандарттарға сай жылдам құрастыратын онлайн платформа. Бұл құрал мұғалімге оқу материалдарын білім алушылардың деңгейіне қарай (дифференциация) автоматты түрде бейімдеуге, бағалауды жеңілдетуге және сапалы әдістемелік дайындыққа кететін уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді, <https://www.teachshare.com/>

Napkin – мәтінді диаграммалар мен инфографикаға айналдырады, <http://www.napkin.ai/>

Felo – презентация, веб-сайт, аналитикалық есеп әзірлейтін әмбебап құрал, <https://felo.ai/>

Gamma – көрнекі әрі тартымды слайдтарды оңай жасауға көмектеседі, мазмұнға сәйкес келетін үлгілер, қаріптер және суреттер ұсынады, <https://gamma.app/ru>

Gynzy – интерактивті сабақтар, оқу ойындары және мұғалімдерге арналған құралдармен жабдықталған цифрлық тақта платформасы, <https://www.gynzy.com/en>.

DummyForms – тегін онлайн сауалнама құрастырушы құрал. Сабақта кері байланыс алуға тиімді болады, <https://dummyforms.com/>. Аталған жасанды интеллект құралдарын «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу процесіне бейімдеп қолдану 1-кестеде берілген.

1-кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу процесіне жасанды интеллект құралдарын бейімдеп қолдану

Сабақ кезеңі	Жасанды интеллект құралы	Қолдану мысалы	Сабақтағы мақсаты / пайдалы функциясы
--------------	--------------------------	----------------	---------------------------------------

1. Кіріспе / жаңа тақырыпты таныстыру	ChatGPT	«Абылай ханның өмірбаяны» тақырыбы бойынша қысқаша мәтін генерациялау	Тақырыпқа кіріспе жасау, негізгі оқиғаларды қысқаша көрсету, білім алушылардың назарын аудару
	Gemini (Storybook)	«Көшпенділер мәдениеті» тақырыбында интерактивті Storybook жасау	Тарихи оқиғаларды көрнекі және қызықты көрсету, білім алушылардың визуалды қабылдауын қолдау
	NotebookLM	Тақырып бойынша ақыл карталары (mind map) жасау	Жаңа тақырыпты құрылымдау, негізгі тұлғалар мен оқиғаларды топтастыру
2. Түсіндіру / негізгі материалды жеткізу	Canva AI	«Кенес дәуіріндегі Қазақстан» тақырыбында инфографика жасау	Күрделі тарихи ақпаратты визуалды түрде көрсету, түсінуді жеңілдету
	Gamma	«Кеңестік Қазақстандағы өнеркәсіптік даму» тақырыбында тартымды слайд презентация жасау	Мәтін мен суретті үйлестіріп, сабақтың көрнекілігін арттыру
	Felo	«Тарихи деректерді талдау» бойынша аналитикалық есеп немесе презентация	Деректерді жүйелі көрсету, тарихи үрдістерді салыстыру
	Grok	«Қазақ хандығы» картасын анимациялау	Географиялық орналасу мен тарихи оқиғаларды көрнекі көрсету
3. Талқылау / зерттеу жұмысы	Character AI	«Абылай ханмен сұхбат» жүргізу, білім алушылар сұрақ қою	Тарихи тұлғаларды «дыбыстау», тарихи контекстті терең түсіндіру
	ChatGPT	Білім алушылардың пікірін талдау, сұрақтарға жауап беру	Білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту
4. Практикалық / шығармашылық тапсырмалар	Suno	«Тарихи бейнероликке фондық музыка жасау»	Сабақтағы шығармашылық жұмысқа эмоциялық әсер қосу
	ElevenLabs	«Тарихи мәтінді аудиокітапқа айналдыру»	Тыңдалым тапсырмалары, тарихи оқиғаларды есту арқылы қабылдау
	Canva AI / NotebookLM	Интерактивті карталар, диаграммалар немесе инфографика жасау	Зерттеу және шығармашылық тапсырмаларды орындау, ақпаратты визуалды көрсету
5. Бағалау / кері байланыс	Kwiz AI / Wayground	«Қазақ хандығы» тақырыбында	Білімді ойын элементтері арқылы тексеру, мотивацияны арттыру

		интерактивті тест, викторина құру	
	DummyForms	Сабақ соңында кері байланыс сауалнамасы	Білім алушылардың түсіну деңгейін бағалау, сабақты жетілдіру үшін пікір жинау
	Teach Share	Жеке деңгейдегі тапсырмалар мен жұмыс парақтарын дайындау	Дифференциалды бағалау, білім алушыларға арналған жеке тапсырмалар жасау
6. Қорытынды / рефлексия	Napkin	Тарихи оқиғаларды инфографикаға айналдыру	Сабақты қорытындылау, негізгі ойларды визуалды түрде көрсету
	Gynzy	Интерактивті ойындар арқылы қайталау	Сабақ материалын ойын элементтері арқылы бекіту, қызығушылықты арттыру


Жаңа оқу материалын түсіндіруде визуалдық және сюжеттік тәсілдерді қолдану білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қабылдау ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, 5–11-сыныптарда жаңа сабақты комикс форматы арқылы ұсыну тарихи және қоғамдық-гуманитарлық мазмұнды меңгертудің тиімді заманауи әдістерінің бірі ретінде қарастырылады.

Біріншіден, комикс көрнекілік пен түсініктілікті қамтамасыз етеді. Абстрактілі немесе күрделі ұғымдарды мәтіндік сипаттамамен емес, динамикалық суреттер, кейіпкерлер және қысқа, әсерлі диалогтар арқылы көрсету оқу материалын оңай және жылдам қабылдауға мүмкіндік береді. Осылайша, визуалды ақпарат мәтіндік ақпаратты толықтырып, білімнің жадта ұзақ сақталуына әсер етеді. Екіншіден, комикстер қызығушылықты арттырудың таптырмас құралы. Ойын элементтеріне ұқсас бұл формат білім алушылардың сабаққа деген уәждемесін күшейтіп, оларды белсенді қатысуға ынталандырады. Қызықты оқиға желісі арқылы берілген ақпарат тек есте сақтауды жеңілдетіп қана қоймай, оқу процесін жалықтырмай, тартымды етеді. Үшіншіден, бұл әдіс есте сақтау қабілетін айтарлықтай жақсартады. Себебі, ақпарат эмоциямен және визуалды образдармен байланыстырылып берілгенде, ол білім алушының ұзақ мерзімді жадында сақталып қалады. Комикстегі кейіпкерлер мен оқиғалар жаңа материалды еске түсіруге көмектесетін тірек нүктелер қызметін атқарады. Сонымен қатар, комикс форматы білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Олар оқыған материалды талдап, оны суреттер мен диалогтар тіліне аудару арқылы білімдерін шығармашылықпен бекітеді.

Сабақ үлгісі:

«Алтын адам» археологиялық олжасы (1-сабақ).

Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды? Тақырыбы аясында тарих сабағында жасанды интеллект сервисін қолдану арқылы комикс әзірлеудің толық нұсқаулығы (5-сынып мысалында).




1-қадам: Google арқылы ChatGPT сайты ашу.


2-қадам: ChatGPT сайтының іздеу жолағына сұранысыңызды енгізесіз.

Іздеу жолағына «Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды? атты тақырып бойынша 10 беттен тұратын комикс үшін сюжет құрастыр»-деп сұраныс беруге болады.

3-қадам: Міне, Алтын адам - археологиялық олжа атты тақырып беріп,



10 қадамнан тұратын сюжет дайындап береді. Төменгі жағында комикс стилін ұсынады. Сіз өзіңізге қандай стильде комикс құрастырғыңыз келеді, соның бірін таңдайсыз.




4-қадам: Іздеу жолағына “комикстің 1-бетінің суретін мультфильм стилінде, диалогтарды сақтай отырып, қазақша алфавитте қатесіз салып берші» деп промпт бересіз. Бірнеше секундта сізге комикс суретін жасап береді.


5-қадам: Осылайша әрбір бетін немесе әрбір қадамындағы суретін жасап болғанша қайталай бересіз, дайын болған суреттің үстін екі рет басқанда жүктеу батырмасына басып, суреттерді компьютеріңізге сақтап аласыз.

6-қадам: Google іздеу жолағына *Canva* деп жазасыз. *Canva* – тегін онлайн графикалық дизайн құралы. Оны


әлеуметтік желідегі жазбаларды, презентацияларды, плакаттарды, бейнелерді,




логотиптерді және т.б. жасауға болады. Алдымен Google аккаунтыңызбен тіркеліп аласыз. Бұл сіздің жұмысыңыздың сақталуына мүмкіндік береді.




7 қадам: Жүктеу батырмасын басып, «кітап бетін» таңдайсыз, сізге жаңа бет пайда болады, сол жағында файлды жүктеу батырмасын басып, ChatGPT де




жасаған суреттеріңізді ретімен жүктейсіз. Суреттің үстін бір рет бассаңыз бос тұрға бетке өткізеді. Үш нүктенің үстіне басып, астына қарай барсаңыз «Суреттерді фон ретінде орнату» десеңіз, мұқабаның суреті бетін толық алып тұрады. + батырмасын басып келесі беттерді ашып, дайын суреттеріңізді жүктей бересіздер.





8- қадам: Барлық суреттеріңізді қойып алған соң, оң жағында «бөлісу» батырмасын басып, «көшіру», «pdf -» батырмасын басып, сақтап аласыз.




9-қадам: Google іздеу жолағына heyzine flipbook платформасын жазып, алдымен Google аккаунтыңызбен тіркеліп аласыз. Бұл сіздің жұмысыңыздың сақталуына мүмкіндік береді. PDF файлын флипбукқа, журналдарды, каталогтарды, брошюраларды, есептерді, мейрамхана мәзірлерін және т.б. жасауға көмек беретін платформа.




10-қадам: Создать Флипбук батырмасын бассаңыз жүктеу батырмасы шығады сол жерге бағанағы pdf форматында сақтаған комиксті әкеп жүктейсіз. Енді сізде комикс электронды кітапшаңыз дайын болды.



11-қадам: Бос бетіне осы тақырыпқа байланысты YouTube арнасынан видеосын жүктеп қойсаңызда болады. Ол үшін бос бет ашып сол жағында **video, audio, image** жүктеуге болатын батырмасында видео дегенді бассаңыз, сілтеме салатын тақта ашылады, сол жерге YouTube арнасынан осы тақырыпқа байланысты видеоньң сілтемесін көшіріп әкелсеңіз видео дайын болады.




12- қадам: Қиялыңызға қарай түрлендіре берсеңіз болады, Wordwall платформасындағы тақырыпқа сай дайын ойындардың сілтемесін де көшіріп әкеп қойып қойсаңызда болады. Бұл сіздің сабағыңызды қызықты түрде түсіндіруге көмек береді. Барлығы бір жерде жинақталады.



<https://heyzine.com/flip-book/0bc77b0659.html>

<https://heyzine.com/flip-book/1ff3199d4b.html> (қаралған күні 22.12.25 ж.)

13-қадам: осымен комикс арқылы жаңа тақырыпты түсіндіріп, бекіту тапсырмаларын осылай алсаңыз болады. Болған соң сілтемесін [web.whatsapp](#) - қа жіберіп, сілтеме арқылы қолдана бересіз.



<https://heyzine.com/flip-book/0bc77b0659.html> (қаралған күні 22.12.25 ж.)

Қолданылған жасанды интелект құралдары:

1. *ChatGPT* – AI мәтіндік көмекші.
2. Canva-дизайнды кәсіби деңгейде білмей-ақ, әдемі материал дайындауға көмектесетін ең ыңғайлы құралдардың бірі.
3. heyzine flipbook – бұл PDF немесе басқа құжаттарды әдемі онлайн парақталатын кітапқа (flipbook) айналдыруға көмектесетін сервис.
4. Комикс – оқиғаны суреттер мен қысқа диалогтар арқылы жеткізетін иллюстративті әңгіме.

Жасанды интеллект технологиясын оқу процесінде қолдану бойынша ұсынымдар. Сабақ жоспарларының үлгілері ұсынылады.

Бөлім:	6.1 VI – IX ғасырлардағы Қазақстан	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жолтайұлы Қуандықтың іс-тәжірибесінен	
Күні:		
Сынып: 6 «Ә»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Оғыз мемлекеті Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;	
Сабақтың мақсаты	Білім алушылар Оғыз мемлекетінің құрылу тарихын, саяси құрылымын және түркі халықтарының дамуындағы орнын түсінеді; картамен жұмыс жасап, негізгі ұғымдарды қолдана алады;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі топқа бөлу	QR-кодты білім алушыларға таратып береді	Білім алушылар QR код-ты сканерлеп 3.топқа бөлінеді: Жабғу тобы Атабек тобы Сюбашы тобы	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	https://me-qr.com/
Алдыңғы білім Атлаш шайқасы	QR-кодталған Флеш-карточкаларды таратып береді	Топтар QR-кодты сканерлеп флеш-карточкалардағы сұрақтаға жауап береді	ҚБ «Биткойн» әдісі	https://wayground.com/?lng=en

Жаңа сабақ Ой қозғау	Оғызнама жырынан үзінді жасанды интеллект арқылы Оғыз қаған оғызнама жырынан үзіндіні айтады	Білім алушылар QR-кодты сканерлеп оғызнама жырынан үзіндіні тыңдайды ой қозғау сұрақтарына жауап береді	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	https://talki ngco.de/ QR-код карточкал ар
Tarihi RAP	Tarihi RAP әдісі бойынша жаңа ұғымдарды жаттау Янгикент – Жабғу – Атабек – Сюбашы –	Білім алушылар Tarihi RAP әдісі бойынша сабақтағы жаңа ұғымдарды жаттайды Сөзін мұғалім құрастырады Музыканы SUNO ЖИ құралы арқылы жасайды.	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	https://suno .com/
Бейнеролик	Білім алушыларға Youtube-тан бейнеролик көрсетіледі	Білім алушылар бейнероликті қарайды	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	https://youtu be/ iFqFdSpVa AQ?si= ZczfLdMu EENVt7lA
№1 тапсырма	Бейнеролик бойынша сұрақтарға жауап беріңіз	Білім алушылар бейнероликті қарап сұрақтарға жауап береді	ҚБ «Биткойн» әдісі	https://way ground.co m/ join?gc=15 484082
№2 тапсырма картамен жұмыс	Білім алушыларға оғыздар мемлекетінің картасы және ақпараттық	1-топ: «Көршінді тап!» 2-топ: «Астана» 3-топ: «Саяси одақ	ҚБ «Биткойн» әдісі	https://ww

	карточкалар ұсынылады	құру»		w.voxdeck. ai/ share/3fo4 k4tyy65o
Рефлексия ТСТ әдісі	Т – түсінікті С – сұрағым бар Т – түсінбедім 	Білім алушылар Экранда түсінікті, сұрағым бар, түсінбедім батырмасын басу арқылы сабақты қорытындылайд ы	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	Презентация Power point

Сабақта қолданылған жасанды интеллект құралдарына әдістемелік түсініктемелер

Жоғарыда берілген педагогтің тәжірибесінен сабақ үлгісінде жасанды интеллект құралдары оқу мақсаттарына жетуге бағытталған көмекші дидактикалық ресурс ретінде қолданылды. ЖИ технологиялары мұғалімнің жетекші рөлін алмастырмай, оқу мазмұнын ұсыну формаларын әртараптандыру, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру және тарихи материалды қабылдауды жеңілдету функциясын атқарды.

1. *Жасанды интеллект арқылы мәтінді дыбыстау (Оғызнама жырынан үзінді)* Сабақтың «Ой қозғау» кезеңінде білім алушылар QR-код арқылы *Оғызнама жырынан үзіндіні жасанды интеллект көмегімен дыбысталған форматта* тыңдады. Дыбыстау үшін QR-код арқылы іске қосылатын онлайн сервистер пайдаланылды (мысалы: <https://talkingco.de/>).

Бұл тәсіл ауызша тарихи дәстүр элементтерін сезіндіруге; тарихи мәтіннің мазмұнын эмоционалдық тұрғыдан қабылдауға; аудио қабылдау арнасын іске қосуға бағытталды.

Бұл жағдайда жасанды интеллект дерек көзі емес, тарихи мәтінді жеткізудің формасын өзгерту құралы ретінде қолданылды.

2. *Tarihi RAP әдісі және музыкалық контентті ЖИ арқылы генерациялау*

Жаңа ұғымдарды (Янгикент, Жабғу, Атабек, Сүбашы) бекіту мақсатында сабақта Tarihi RAP әдісі қолданылды. Әдістің ерекшелігі:

- мәтіндік мазмұн (ұғымдардың анықтамасы мен мәні) мұғалім тарапынан құрастырылды;
- музыкалық сүйемелдеу Suno жасанды интеллект платформасы арқылы дайындалды (<https://suno.com/>).

Бұл тәсіл:

- тарихи терминдерді есте сақтауды жеңілдетуге;
- білім алушылардың эмоциялық қатысуын арттыруға;
- ассоциациялық ойлауды дамытуға мүмкіндік берді.

Маңызды әдістемелік қағида: мазмұнды бақылау толықтай мұғалімде сақталды, ал жасанды интеллект тек музыкалық форма жасаушы құрал ретінде пайдаланылды.

3. Бейнематериалды қолдану (визуал қолдау)

Сабақ барысында тарихи тақырыпты нақтылау мақсатында YouTube платформасындағы бейнематериал қолданылды.

(<https://youtu.be/iFqFdSpVaAQ?si=ZczfLdMuEENVt71A>).

Бейнеролик Оғыз мемлекетінің аумағын; көрші тайпалармен байланысын; тарихи кеңістікті елестетуге көмектесетін визуалды қолдау құралы ретінде пайдаланылды. Бұл кезеңде жасанды интеллект контент генераторы емес, цифрлық білім беру ортасының бір бөлігі ретінде қарастырылды.

4. QR-кодтар мен интерактивті цифрлық платформалар

Сабақта QR-кодтар арқылы интерактивті тапсырмалар ұйымдастырылды. Бұл үшін келесі платформалар қолданылды:

1. тапсырмалар мен топтық жұмысқа арналған Wayground (<https://wayground.com/>);

2. карточкалар мен визуал материалдармен жұмысқа арналған Voxdeck AI (<https://www.voxdeck.ai/>).

3. QR-кодтар:

4. топқа бөлуді;

5. флеш-карточкалармен жедел жұмыс жүргізуді;

6. білім алушылардың дербес әрекетін ұйымдастыруды қамтамасыз етті.

Құралдар оқу процесін цифрлық форматта ұйымдастыруға мүмкіндік беретін орта ретінде пайдаланылды, ал тапсырмалардың мазмұны мұғалім тарапынан алдын ала жоспарланды.

Әдістемелік ұсынымдар:

Жасанды интеллект құралдарын сабақта шағын көлемде және нақты дидактикалық мақсатпен қолдану ұсынылады.

Жасанды интеллект технологиялары тарихи мазмұнды алмастырмауы, тек оны ұсыну формасын байытуы тиіс.

Барлық тарихи мәтіндер, интерпретациялар мен қорытындылар мұғалімнің кәсіби бақылауында болуы қажет.

Жасанды интеллект құралдарын қолдану тарихи концептілерді (себеп–салдар, дәлел, интерпретация, маңыздылық) меңгертумен тікелей байланысты болуы тиіс.

Білім алушыларға ЖИ нәтижелерін дайын білім емес, тарихи ойлауды дамытуға арналған көмекші ресурс ретінде қабылдауға үйрету маңызды.

Тәжірибелік ұсынымдар:

– Жасанды интеллект шешетін тапсырманы анық тұжырымдау (жоспарлау, визуализациялау, тестілеу және т.б.).

– Жасанды интеллект құралын тек уақытты үнемдейтін немесе оқу сапасын жақсартатын жерлерде ғана пайдаланыңыз.

– Әрқашан жасалған мәтіндерді, суреттерді және сұрақтарды қарап шығыңыз.

– Prompt жазғанда білім алушылардың жасына, оқу бағдарламасына және сабақтың құрылымына сәйкестендіріңіз.

– Сабақ мазмұны, бағалау және білім алушыларды қолдау бойынша соңғы шешім мұғалімде қалады.

– Жасанды интеллектті «автопилот» ретінде емес, нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз.

– Жасанды интеллект нәтижелерін (дәлдік, сенімділік, орындылық) қалай сыни бағалау керектігін көрсетіңіз.

– Ақпаратты қауіпсіз және жауапты түрде іздеу дағдыларын, сондай-ақ дереккөздерді дұрыс сілтеме жасауды жаттықтырыңыз.

Күрделі әлеуметтік-саяси үдерістерді меңгертуде білім алушылардың ойлау белсенділігін арттыратын проблемалық және ойын элементтерін қолдану тиімді болып табылады. Осы мақсатта 9-сыныпта «1960–1980 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуындағы қайшылықтар» тақырыбын меңгерту барысында жаңа ұғымдар мен мәселелерді ашуға бағытталған цифрлық интерактивті құралдар, соның ішінде ребус форматы пайдаланылуы мүмкін.

<https://kvestodel.ru/generator-rebusov>

«Қазақстан тарихы» оқу пәні 9-сынып, 2-тоқсан

Тақырыбы: «1960-1980 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуындағы қайшылықтар»

Ребус генераторы: <https://kvestodel.ru/generator-rebusov>

Ребус генераторы орыс сөзін немесе сөз тіркесін шифрлау арқылы автоматты түрде ребус жасайды. Мәтін өрісіне тек орыс әріптерін, бос орындарды және сызықшаларды енгізуге болады. Ребус жасаған кезде оның қиындық деңгейін реттеуге болады. Қиындық артқан сайын жаңа суреттер мен ребусты құрастырудың жаңа тәсілдері қосылады (барлық мүмкін тәсілдер 3-деңгейде бар, содан кейін қиындық артқан сайын тек суреттер қосылады). Әдеттегідей, ребус бос орындарсыз жасалады, яғни сөз тіркесі бір бірлік ретінде шифрланады. Мұны өзгертіп, сөздерді жеке шифрлай аласыз. Бұл жағдайда ребус әрбір жаңа сөз жаңа жолдан басталады.



Қажет болса, ребустың максималды енін (ол салынатын кенепті) көбейтуге немесе азайтуға болады. Ребусты жасағаннан кейін оны сурет ретінде жүктей аласыз.

Ребусты шешу үшін ребустарды шешу ережелерін білу қажет.

Ребустарды тапсырма ретінде енгізген кезде пайдалануға болады, себебі олар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Ребустарды білім алушылардың шешуді ұнататын сабақ тақырыбын кодтау үшін пайдалануға болады. Негізгі ұғымдарды шифрланған суреттер ретінде де бейнелеуге болады.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні 9-сынып, 2-тоқсан

Тақырыбы: «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық процестер


2024 жылдың сәуірінде Yandex жасанды интеллект арқылы онлайн іздеуге арналған Нейро қызметін іске қосты. Әдеттегі іздеудегідей веб-сайт сілтемелерінің орнына пайдаланушылар Yandex GPT 3 жасанды интеллект модельдерінің тобы жасаған жауапты арнайы терезеде алады. Neuro Chat GPT сияқты нейрондық желілерден ерекшеленеді, себебі ол модель оқытылған деректер жиынтығынан алынған деректерді емес, іздеу нәтижелеріндегі веб-сайттардан алынған тиісті ақпаратты пайдаланып жауаптар жасайды. Сонымен қатар, қызмет сұрақтарға жауап берген кезде тиісті ақпарат көздеріне сілтемелер береді.

Нейрондық желінің жұмыс алгоритмі:

- пайдаланушы сұрақты енгізеді;
- нейрондық желі сұрақты іздеу сұранысына түрлендіреді;
- іздеу жүйесі мазмұны бойынша сәйкес келетін дереккөздерді анықтап, олардың ішінен бесеуін іріктейді;
- іріктелген дереккөздер негізінде Yandex GPT-3 базасы арқылы нейрондық желі жауап әзірлейді.
- Нейрондық желінің мүмкіндіктері:
 - пайдаланушымен диалог жүргізу: жүйе әңгімелесудің алдыңғы контекстін сақтайды, бұл сұранысты қайта енгізу қажеттілігін жояды және нақтылау сұрақтарын қоюға мүмкіндік береді;
 - дереккөздерге сілтеме жасау: жүйе пайдаланылған ақпарат алынған веб-сайттарға сілтемелер ұсынады және мәтінде мәліметтің қай дереккөзден алынғанын нақты көрсетеді;
 - суреттермен жұмыс істеу: пайдаланушы кескінді жүктеп, онда бейнеленген нысандар мен мазмұн туралы ақпарат ала алады.

Сонымен, нейрондық желі ұсынатын жауаптар, басқа да жасанды интеллект жүйелеріндегі сияқты, міндетті түрде қосымша тексеруді қажет етеді. Қызмет ақпаратты іздеу нәтижелеріндегі ең релевантты дереккөздерден жинақтағанымен, кей жағдайларда қате немесе ескірген мәліметтерді ұсынуы мүмкін. Бұл туралы Yandex компаниясы да ресми түрде ескертеді. Жауап терезесінің төменгі бөлігінде: «Жауап Yandex GPT таңдалған веб-сайттардың мәтіндері негізінде жасалды. Онда дәлсіздіктер болуы мүмкін» деген хабарлама көрсетіледі.

Ұқсас функционал Google компаниясының жасанды интеллектке негізделген сервистерінде, әсіресе мобильді нұсқасында да байқалады. Мұндай мүмкіндіктер пайдаланушыларға ақпаратты жедел алуға және қызметті қолдануды жеңілдетуге жағдай жасайды.



Қысқа мерзімді (сабақ) жоспарының үлгісі

Бөлім:	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жолтайұлы Қ.	
Күні:		
Сынып: 10 «Ә»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау;	
Сабақтың мақсаты	Түркі империясын көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі ретінде талдап, оның Қазақстандағы мемлекеттілік тарихының қалыптасу кезеңіндегі орнын түсіндіру. Тарихи деректерге сүйене отырып, Түркі қағанаты мен оның мұрагерлері арасындағы мемлекеттік құрылымдағы сабақтастықты дәлелдеу.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Топқа бөлу QR код әдісі арқылы	1-топ: Түрік қағанаты 2-топ: Батыс Түрік қағанаты 3-топ: Түргеш қағанаты Жаңа сабақтың тақырыбын болжау Бумын қағанның сөйлейтін аватары білім алушыларға ой қозғау сұрақтарын қояды	Партада шашылған QR код-ты сканерлеп, топтарға бөлінеді	ҚБ: Керемет жұмыс!	Карточкалар
Алдыңғы Білім Қазақстан аумағын дағы ерте мемлекет тердің саяси ұйымдасуы	Бұлтты сөздер әдісі	Бұлтты сөздер әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді	ҚБ: Керемет жұмыс!	https://www.mentimeter.com/
Жаңа тақырып	GEM ботқа сұрақ қою GEM бот білім алушыларға қысқа, түсінікті жауап береді. GEM бот мектеп бағдарламасына сай, оқулықтармен үйретілген	Білім алушылар GEM ботқа сұрақ қою арқылы жаңа тақырып туралы ақпарат алады	ҚБ: Керемет жұмыс!	https://gemini.google.com/gem/1viMLS4EO2Gb9Noe2RT453kS6DnvzXESk?usp=sharing

	Wayground платформасында бейнеquiz орындайды. Барлық білім алушылар ойынға қосылған соң, мұғалім ойынды бастайды.	Топтық жұмыс Білім алушылар QR кодты сканерлеп, ойын бөлмесіне қосылады. Бейнероликті мұқият тыңдап, қарайды, бейнерол ик арасында тоқтап, quiz сұрақтарына жауап береді.	ҚБ: Керемет жұмыс!	https://wayground.com/?lng=en
	Canva AI платформасында Түрік қағанаты Батыс Түрік қағанаты Түргеш қағанатының саяси тарихы мәдениеті шаруашылығы тақырыбында постер құру	Canva AI платформасында Түрік қағанаты Батыс Түрік қағанаты Түргеш қағанатының саяси тарихы мәдениеті шаруашылығы тақырыбында постер құрастырады және сілтемесін мұғалімге жібереді	Топтар бірін-бірі биткойн әдісі арқылы бағалайды	https://www.canva.com/ru_ru/
Қорытынды бөлім	Character.ai платформасында Түрік қағанатының Қағаны Бумынның виртуалды аватарымен сұхбат жүргізеді	Білім алушылар ашық чатта Бумын қағанға сұрақтарын қойып, жауап алады. Жаңа тақырып бойынша алған білімдерін тиянақтайды.	ҚБ: Керемет жұмыс!	https://character.ai/
Рефлексия Кері байланыс –	Мұғалім экранға QR-кодты шығарады	Білім алушылар QR –кодты сканерлеп	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	https://dummyforms.com/i/new-form-7ogyz

ЗҚ формуласы Құнды – Қызықты – Қиын –	және қосымша карточкаларды таратып береді	ЗҚ формуласы кестесін толтырады		
---	---	---------------------------------------	--	--

Сабақта қолданылған жасанды интеллект құралдарына әдістемелік түсініктеме

Жоғарыда ұсынылған сабақта жасанды интеллект құралдары тарихи мазмұнды меңгертудің тиімділігін арттыруға бағытталған көмекші дидактикалық ресурс ретінде пайдаланылды. ЖИ технологиялары мұғалімнің жетекші рөлін алмастырмай, оқу процесін ұйымдастыру, тарихи деректермен жұмыс істеу және білім алушылардың танымдық белсенділігін күшейту қызметін атқарды.

Сөйлейтін тарихи аватар (Бумын қаған)



Сабақтың кіріспе кезеңінде Бумын қағанның виртуалды аватары арқылы ой қозғау сұрақтарын қою білім алушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Бұл тәсіл тарихи тұлғаны ақпарат көзі ретінде ғана емес, оқу мотивациясын қалыптастыратын бейнелік - көрнекі құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект осы жағдайда тарихи тұлғаның рөлін имитациялау арқылы білім алушыларды проблемалық ойлауға жетелейтін, диалогтік өзара әрекетке негізделген әдістемелік тәсіл қызметін атқарады. Аватардың «сөйлейтін кейіпкер» форматы тарихи кезеңге эмоционалдық тұрғыдан енуге, оқу материалының маңызын сезінуге және зерттеушілік қызығушылықты арттыруға жағдай жасайды.

2.Gemini (GEM bot) арқылы сұрақ-жауап ұйымдастыру <https://gemini.google.com/>

Жаңа тақырыпты меңгеру кезеңінде білім алушылар GEM bot арқылы сұрақтар қойып, қысқа әрі түсінікті жауаптар алды. Бұл құрал:

- бастапқы ақпаратпен жедел танысуға;
- негізгі ұғымдар мен терминдерді нақтылауға;

– білім алушылардың жеке танымдық сұраныстарына жедел жауап алуға мүмкіндік берді.

Маңызды әдістемелік ұстаным – алынған ақпарат дайын тарихи қорытынды ретінде емес, мұғалімнің түсіндіруін толықтыратын қосымша дереккөз ретінде қолданылды. Мазмұнның ғылыми дәлдігін тексеру, ақпаратты салыстыру және қорытынды жасау педагогтің кәсіби бақылауында сақталды.

3. Wayground платформасындағы бейне-quiz. <https://wayground.com/>

Wayground платформасында ұйымдастырылған бейне-quiz сабақта тарихи деректерді қабылдау мен талдауды қатар жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бейнероликті көру арқылы сұрақтарға жауап беру:

- тыңдау және көру арқылы ақпаратты қабылдауды;
- негізгі мазмұнды іріктеп алуды;
- назарды ұзақ уақыт сақтауды қамтамасыз етті.

Бұл кезеңде жасанды интеллект оқу әрекетін ұйымдастырушы орта ретінде қолданылды.

4. Canva AI платформасында постер әзірлеу. <https://www.canva.com/>

Топтық жұмыс барысында білім алушылар Canva AI платформасында Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты және Түргеш қағанатының саяси тарихы, мәдениеті мен шаруашылығы бойынша постер әзірледі. Бұл жұмыс ақпаратты құрылымдау; негізгі және қосалқы деректерді ажырату; визуал түрде тарихи мазмұнды ұсыну дағдыларын дамытуға бағытталды. ЖИ бұл жерде дизайн мен құрылым ұсынатын құрал ретінде пайдаланылып, мазмұнды іріктеу және тарихи интерпретация толықтай білім алушылар мен мұғалімнің құзыретінде сақталды.

5. Character.ai платформасындағы виртуалды сұхбат. <https://character.ai/>

Сабақтың қорытынды кезеңінде білім алушылар Түрік қағанатының қағаны Бумынның виртуалды бейнесімен сұхбат жүргізді. Бұл тәсіл тарихи материалды бекітуге; білім алушылардың сұрақ қою дағдыларын дамытуға; тарихи тұлғаның қызметін жинақтап түсінуге мүмкіндік берді.

Бұл жағдайда жасанды интеллектің рефлексиялық және жинақтаушы құрал қызметін атқарды.

Тарих сабағында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану оқу мақсаттарына бағынысты көмекші ресурс ретінде ұсынылады. Бұл құралдар тақырыпты түсіндіруді толықтырып, білім алушылардың қызығушылығын арттыруға қызмет етуі тиіс. ЖИ ұсынған мәліметтер тарихи дерек көзі ретінде емес, талдау мен талқылауға арналған бастапқы материал ретінде қолданылуы қажет. Барлық тарихи интерпретациялар, салыстырулар және қорытындылар мұғалімнің кәсіби бақылауында қалуы міндетті. Мұғалім алынған ақпаратты талқылау мен бағалауда жетекші рөл атқарады.

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану сабақ барысында тарихи концептілерді меңгертумен – сабақтастық, дәлел, интерпретация және маңыздылық – тікелей байланысты болуы тиіс. Сонымен қатар, білім алушыларда жасанды интеллект нәтижелеріне сыни көзқарас қалыптастыруға ерекше мән беру қажет. Бұл олардың ақпаратты бағалау және талдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары 5–11 сыныптардағы «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда маңызды көмекші ресурс ретінде қолданыла алады. Олар оқу процесін жекешелендіруге, интерактивтілігін арттыруға, тарихи ақпаратты талдауға және білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. ЖИ жүйелері әрбір білім алушының білім деңгейін талдай отырып, тиісті қиындықтағы тапсырмаларды ұсына алады. Мысалы, білім алушылар жеке викториналар мен тесттерді орындап, қосымша материалдар бойынша ұсыныстар ала алады. Сонымен қатар, ЖИ құралдары педагогке күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға, тест тапсырмаларын бағалауға, үлгерімді бақылауға және есептер жасауға көмектеседі, бұл сабақ жоспарларын тиімді құруға жағдай жасайды.

Тарихи модельдеулер мен виртуалды көмекшілерді жасау да жасанды интеллект көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, тарихи оқиғалардың интерактивті модельдерін немесе тарихи тұлғалардың рөлін атқаратын чатботтарды әзірлеу арқылы білім алушылар сабаққа эмоционалды еніп, проблемалық ойлауды дамыта алады. ЖИ бағдарламалары мұрағаттық құжаттарды шешуге, ежелгі тілдерден мәтіндерді аударуға және суреттер мен дереккөздерді жіктеуге де көмектеседі. Сонымен қатар, дауыстық көмекшілер, тарихи карта генераторлары немесе кеңейтілген шынайы элементтері бар квесттер сияқты құралдар тарих сабақтарын қызықты әрі интерактивті етеді.

Жасанды интеллект технологияларының тиімділігі оның оқыту процесіне интеллектуалды интеграциясына, дәстүрлі әдістермен үйлесуіне және үздіксіз педагогикалық бақылауға тәуелді. Осыған байланысты келесі әдістемелік ұсынымдарды ескеру қажет. ЖИ құралдары тек көмекші ресурс ретінде қолданылуы тиіс, олар дайын білім көзі емес, педагогтің түсіндіруін толықтыратын қосымша материал ретінде қызмет етеді. ЖИ ұсынған ақпарат тарихи дерек көзі ретінде емес, талдау мен талқылауға арналған бастапқы материал ретінде пайдаланылуы қажет. Барлық тарихи интерпретациялар, салыстырулар және қорытындылар педагогтің кәсіби бақылауында жүзеге асырылуы тиіс. ЖИ құралдарын пайдалану сабақ барысында тарихи концептілерді меңгертуге бағытталуы керек, атап айтқанда: сабақтастық, дәлел, интерпретация және маңыздылық. Сонымен қатар, білім алушыларда сыни тұрғыдан ойлау дағдылары мен жасанды интеллект нәтижелеріне сыни көзқарас қалыптастыруға ерекше мән берілуі қажет.

Сонымен, жасанды интеллект құралдарын «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда қолдану білім беру процесін жеке бейімделген, интерактивті және зерттеушілікке бағыттауды қажет етеді. Олар педагогикалық бақылау мен дәстүрлі әдістермен үйлесімі қамтамасыз етілмесе, ЖИ нәтижелерінің сенімділігі мен оқыту сапасы төмендеуі ықтимал. Сондықтан мұғалімдердің кәсіби жетекшілігі мен сыни бағалау дағдылары – ЖИ тиімділігінің басты кепілі болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Жасанды интеллект туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ
2. Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы.
3. Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. –290 б.
4. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 б.
5. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 б. 140-148 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқуда және оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың ерекшеліктері	5
2 «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқуда және оқытуда жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар	9
Қорытынды	31
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	32